



2019 жылғы 12 маусым

Астана, Үкімет Үйі

от «___» _____ 201__ года

№ 17-8/1209 зп

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі

2019 жылғы 17 мамырдағы
№ 10-5-543 хатқа

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасымен әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының түзетулеріне
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің бастамасымен әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бұдан әрі – заң жобасы) бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының түзетулерін қарап, келесіні хабарлайды.


Депутаттар заң жобасына ұсынған түзетулер Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне қайшы келмейді.

Көрсетілген түзетулер мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды немесе республикалық және жергілікті бюджеттерден мемлекеттік кірістерді қысқартуды көздемейді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
2019 жылғы 17 мамырдағы № 10-5-543 хатымен ұсынылған Заң жобасына
салыстырмалы кесте бойынша

Салыстырмалы кестенің 5 және 6-позициялары бойынша

Ұсынылған түзетулер, егер өндіру көлемі жобалау құжаттарында және



0014258 *

ИПЦ Зак. № 310. 23.06.2014 г.

Бланк сериялық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектүүлі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарла міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0014258*

жұмыс бағдарламасында көзделгендермен салыстырғанда кемінде жиырма пайызға өзгерсе, пайдалы қатты қазбаларды (уранды қоспағанда) немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарт бойынша жобалау құжаттарына және жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізу қажеттілігін болдырмауға бағытталған. Бұл ереже бұрын «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде қолданылған және жобалық құжатқа, жұмыс бағдарламасына және келісімшартқа өзгерістерді әзірлеу, келісу және бекіту қажеттілігіне байланысты жер қойнауын пайдаланушыларға жүктемені төмендетуге ықпал етеді, осыған байланысты ұсынылған түзетулер **қолдау тапты.**

Салыстырмалы кестенің 7-позициясы бойынша

Түзету мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді жеке меншікке өтеусіз беру тәртібін регламенттеу бөлігінде олқылықты түзету үшін қажет. Мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді жер қойнауын пайдаланушының меншігіне берудің негізгі шарттары «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) өтпелі ережелерінде айқындалған, сонымен бірге пайдалы қатты қазбаларды өндіру саласындағы уәкілетті орган бекітетін заңға тәуелді құқықтық акт шеңберіндегі рәсімдерді регламенттеу қажет. Осыған байланысты түзету **қолдау тапты.**

Салыстырмалы кестенің 1-позициясы бойынша

277-баптың 3-1-тармағы бойынша түзетумен іске асырылуы мемлекеттік органдарда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Қазақстан Республикасының минералдық ресурстар ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесін құрумен және толықтырумен байланысты техникалық және ақпараттық мүмкіндіктердің болуын көздейтін нормалардың қолданылуын тоқтата тұру ұсынылады. Көрсетілген түзетуді 2018 жылғы 29 маусымнан бастап, яғни Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап қатты және кең таралған пайдалы қазбалар бойынша лицензиялар беруге қолдану ұсынылғанын ескере отырып, **ішінара қолдау табады.**

Осыған байланысты 277-баптағы жаңа 3-1-тармақты мынадай редакцияда жазылу ұсынылады:

«Пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру бөлігінде 25-баптың 2-тармағының, 186-баптың 2-тармағының 1) тармақшасының, 203-баптың 2-тармағының 1) тармақшасының қолданылуы 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.».

Кодекстің 277-бабының 7-тармағы бойынша түзету жер қойнауын пайдалануға бұрын жасалған келісімшарттар бойынша келісімшарттық аумақтардың, сондай-ақ пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру және жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі лицензиялар беру кезінде келісімшарт

жасасу туралы шешім қабылданған аумақтардың шекараларын есепке алуға бағытталған. Түзету қолдау табады, өйткені жер қойнауы учаскелерінің «салынуын» болдырмайды және жер қойнауы учаскесіне құқықтардың айрықша қағидатын сақтайды.

Салыстырмалы кестенің 2-позициясы бойынша

Ұсынылған түзету Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін құзыретті орган қабылдаған жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы шешімдердің негізінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасу тәртібін регламенттеуге қатысты рәсімдік кемшіліктерді түзетуге бағытталған. Өйткені бұрын келісімшарттар жасасу кезінде қолданылған «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының нормалары өз күшін жойды. Салыстырма кестенің 2) позициядағы түзетулерді 2018 жылғы 29 маусымнан бастап ретроспективті түрде, яғни Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап қолдану ұсынылады.

Сонымен қатар, кең таралған пайдалы қазбаларға арналған келісімшарттар бойынша әкімшілендіруді облыстың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асыратынын назарға ала отырып, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарт жобасына экономикалық сараптама жүргізуді аталған жергілікті атқарушы органдарға бекіту ұсынылады. Осылайша, осы түзету ішінара қолдау табады және Кодекстің 278-бабы 3-тармағының екінші бөлігін мынадай редакцияда жазылу ұсынылады:

«Келісімшарттың талаптарын осы баптың 12-тармағының алтыншы бөлігіне сәйкес құрылатын құзыретті органның (келісімшарт тарапы болып табылатын мемлекеттік органның) жұмыс тобы айқындайды. Тараптар келіскен келісімшарт жобасы құқықтық сараптамаға жатады. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттың жобасы мемлекеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органда экономикалық сараптамаға жатады. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттың жобасы облыстың жергілікті атқарушы органының экономикалық сараптауына жатады. Келісімшарт осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес келісімшарт жобасы ұсынылған күннен бастап алты айдан кешіктірілмейтін мерзімде жасалуға тиіс. Бұл мерзімді құзыретті орган (келісімшарт тарапы болып табылатын мемлекеттік орган) жер қойнауын пайдалану құқығы берілетін тұлғаның өтініші бойынша ұзартуы мүмкін.».

Салыстырмалы кестенің 3-позициясы бойынша

Ұсынылып отырған түзетулер аукцион нәтижелері бойынша пайдалы қатты қазбаларды барлауға және өндіруге лицензиялар беру тәртібін реттеуге, сондай-ақ аукцион жеңімпазы жер қойнауын пайдалану құқығы аукционға қойылатын жер қойнауы учаскесінің шекараларын және ең төменгі шығыстар көлемін дербес айқындауға бағытталған. Бұдан басқа түзетулер барлауға және өндіруге сараланған тәсіл негізінде қаржылық мүмкіндіктер бөлігінде

аукционға қатысуға жіберілген өтініш берушілерге қойылатын жалпы ең төменгі талаптарды белгілейді.

Аукционға қатысу үшін өтініш берушілерге қойылатын жалпы қаржылық талаптарды нақтылау мақсатында Кодекстің 278-бабы 4-тармағының жетінші бөлігіне өзгерістер енгізуді көздейтін түзету **ішінара қолдау табады**, осыған байланысты Кодекстің 278-бабы 4-тармағының жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Аукцион өткізу қағидаларында белгіленетін өзге де талаптардан басқа, аукционға қатысуға:

барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін – бірінші жыл ішінде кемінде он блокта барлау жөніндегі операцияларға арналған ең аз шығыстарды жабу үшін жеткілікті кәсіби және қаржылық мүмкіндіктерге;

өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін - бір жыл ішінде кемінде жүз гектарда ең аз шығыстарды жабу үшін жеткілікті кәсіби, техникалық және қаржылық мүмкіндіктерге ие өтініш берушілер жіберілуі мүмкін. Өтініш берушінің осындай талаптарға сәйкес келмеуі аукционға қатысуға жіберуден бас тарту үшін негіз болып табылады.»

Салыстырмалы кестенің 4-позициясы бойынша

Көрсетілген ұстаным шеңберінде пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған бұзылатын келісімшарттар бойынша аукционды жедел өткізу қажеттілігіне байланысты аукцион өткізу туралы хабарландыру мен оны өткізу күні арасындағы мерзімді алты айдан бір айға дейін қысқарту ұсынылады.

Алайда талап етілетін нақтылауларды назарға ала отырып, Кодекстің 278-бабы 5-тармағының бірінші бөлігіне қатысты түзету **ішінара қолдау табады**. Осыған байланысты Кодекстің 278-бабы 5-тармағының бірінші бөлігін мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«5. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған пайдалы қатты қазбалар бойынша өндіруге арналған келісімшарт (өндіру жөніндегі операциялар жүргізілген бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт) мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, құзыретті органның шешімімен тоқтатылған келісімшарттың келісімшарттық аумағын қозғайтын жер қойнауы учаскесі осы тармақта белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы баптың 4-тармағында көзделген тәртіппен жүргізілетін аукцион негізінде пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін пайдалануға беріледі.»

Салыстырмалы кестенің 8-позициясы бойынша

Ұсынылып отырған түзету пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режиміне көшу үшін кедергілерді жоюға бағытталған. Бір тұлға (өтініш беруші) бір мезгілде бір аумақта қатты және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі түрлі келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ие болған (операцияларды жүзеге асыратын) кезде жер қойнауын

пайдаланудың келісімшартты режимнен лицензиялық режимге көшу кезінде пайдалы қатты қазбаларды өндіруге лицензия беру жөніндегі қолданыстағы нормалар жүйесі пайдалы қатты қазбаларды өндіруге лицензия беруге мүмкіндік бермейді.

Алайда бұл түзету **ішінара қолдау табады**, өйткені жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режиміне көшу үшін артық кедергілерді жоятын ережелерді нақтылау қажет. Мысалы, жоғарыда көрсетілген жағдай пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған келісімшарттан жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режиміне көшу кезінде де мүмкін болады. Сондықтан Кодекстің 278-бабы 25-тармағының бірінші бөлігін толықтыратын сөйлем мынадай редакцияда жазылу ұсынылады:

«Бұл ретте, егер пайдалы қатты қазбаларды барлауға және кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға арналған келісімшарттар бойынша не түзілетін барлау учаскесінің немесе пайдалы қатты қазбаларды өндіру учаскесінің шекараларында орналасқан келісімшарттық аумақтармен пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының иесі бір тұлға болып табылса, жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режиміне көшу (жер қойнауын пайдалану құқығын қайта ресімдеу) пайдалы қатты қазбаларды барлауға және кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға арналған екі келісімшарт бойынша бір мезгілде не пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттар бойынша тиісінше бір лицензия беру жолымен жүзеге асырылады.»

Сонымен қатар, 25-тармақтың бірінші бөлігіне енгізілетін түзету берілетін лицензияның мерзімі бөлігінде нақтылауды талап етеді. Бұдан басқа, пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттың орнына берілетін лицензияны ұзарту мерзіміне және пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған келісімшарттың орнына берілетін лицензияның бірінші қолданылу жылында жер қойнауын пайдалану құқығының ауысу мүмкіндігіне қатысты артық әкімшілік кедергілерді алып тастау мақсатында Кодекстің 278-бабы 25-тармағының бесінші бөлігін мынадай редакцияда жазылу ұсынылады:

«Лицензия осы Кодекске сәйкес айқындалатын мерзімге беріледі. Осы мерзім орнына лицензия берілетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың мерзімінен, ал осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайда пайдалы қатты қазбалар бойынша келісімшарттың мерзімінен аспауы тиіс. Бұл ретте осы Кодекстің 211-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінің мақсаттары үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың (келісімшарттардың) орнына берілген пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияның мерзімі қатарынан жиырма бес жылға дейінгі кезеңге ұзартылуы мүмкін.»

Кодекстің 278-бабы 25-тармағының сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармаққа сәйкес жер қойнауын пайдалануға лицензия берілген жағдайда осы Кодекстің 25-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы және 40-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының ережелері оған қолданылмайды.».

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қорытындысын ескере отырып, Заң жобасын Қазақстан Республикасының Парламентінде одан әрі қарауға болады деп санаймыз.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**



А. Мамин



201_ ЖЫЛҒЫ _____

Астана, Үкімет Үйі

от « 12 » июня 201_9_ года

№ _____

№ 17-8/1209 зп

Мажилис Парламента
Республики Казахстан

На № 10-5-543
от 17 мая 2019 года

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

**Правительства Республики Казахстан
на поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан
по проекту Закона Республики Казахстан
«О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты
Республики Казахстан по вопросам жилищно-коммунального хозяйства»,
инициированному Правительством Республики Казахстан**

Правительство Республики Казахстан, рассмотрев поправки депутатов Мажилиса Парламента по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам жилищно-коммунального хозяйства» (далее – проект Закона), инициированному Правительством Республики Казахстан, сообщает следующее.

Предлагаемые депутатами поправки к проекту Закона не противоречат положениям Конституции Республики Казахстан и действующим законодательным актам Республики Казахстан.

Указанные поправки не предполагают увеличения государственных расходов или сокращения государственных доходов из республиканского и местных бюджетов.


**по сравнительной таблице
к проекту Закона, представленной письмом Мажилиса Парламента
Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 10-5-543**

По позициям 5 и 6 сравнительной таблицы

Предложенные поправки направлены на исключение необходимости внесения изменений в проектные документы и рабочую программу по

Бланк сериялық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіптен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарла міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0014259*



0014259 *
ИПЦ Зак. № 310. 23.06.2014 г.

контракту на добычу твердых полезных ископаемых (за исключением урана) или общераспространенных полезных ископаемых, если объем добычи изменяется менее чем на двадцать процентов по сравнению с предусмотренным в проектных документах и рабочей программе. Данное положение ранее применялось в рамках Закона РК «О недрах и недропользовании» от 24 июня 2010 года и способствует снижению нагрузки на недропользователей, связанной с необходимостью разработки, согласования и утверждения изменений в проектный документ, рабочую программу и контракт, в связи с чем предложенные поправки **поддерживаются**.

По позиции 7 сравнительной таблицы

Поправка необходима для восполнения пробела в части регламентации порядка безвозмездной передачи государственных техногенных минеральных образований в частную собственность. Основные условия передачи государственных техногенных минеральных образований в собственность недропользователя определены в переходных положениях Кодекса Республики Казахстан от 27 декабря 2017 года «О недрах и недропользовании» (далее – Кодекс), вместе с тем необходима регламентация процедуры в рамках подзаконного правового акта, утверждаемого уполномоченным органом в области твердых полезных ископаемых. В связи с этим поправка **поддерживается**.

По позиции 1 сравнительной таблицы

Поправкой по пункту 3-1 статьи 277 предлагается приостановить действие норм, реализация которых предполагает наличие у государственных органов технических и информационных возможностей, связанных, в том числе с созданием и наполнением информационной системы «Национальный банк данных минеральных ресурсов Республики Казахстан» в рамках Государственной программы «Цифровой Казахстан». Указанная поправка **поддерживается частично** с учетом того, что ее действие предлагается распространить на выдачу лицензий по твердым и общераспространенным полезным ископаемым ретроспективно с 29 июня 2018 года, т.е. со дня введения в действие Кодекса.

В этой связи новый пункт 3-1 в статье 277 предлагается изложить в следующей редакции:

«Приостановить до 1 января 2023 года действие пункта 2 статьи 25 в части предоставления права недропользования на разведку или добычу твердых полезных ископаемых, подпункта 1) пункта 2 статьи 186, подпункта 1) пункта 2 статьи 203 настоящего Кодекса».

Поправка в пункт 7 статьи 277 Кодекса направлена на учет границ контрактных территорий по ранее заключенным контрактам на недропользование, а также территорий, в отношении которых принято решение о заключении контракта, при выдаче лицензий по разведке и добыче полезных

ископаемых и использованию пространства недр. Поправка **поддерживается**, так как исключает «наложение» участков недр и сохраняет принцип исключительности прав на участок недр.

По позиции 2 сравнительной таблицы

Предложенная поправка направлена на восполнение процедурного пробела в отношении регламентации порядка заключения контрактов на недропользование на основании решений о предоставлении права недропользования, принятых компетентным органом до введения в действие Кодекса. Так как нормы Закона Республики Казахстан от 24 июня 2010 года «О недрах и недропользовании», ранее применявшиеся при заключении контрактов, утратили свою силу. Действие поправки в позиции 2 сравнительной таблицы предлагается распространить ретроспективно с 29 июня 2018 года, т.е. со дня введения в действие Кодекса.

Вместе с тем, принимая во внимание, что администрирование по контрактам на общераспространенные полезные ископаемые осуществляют местные исполнительные органы области, проведение экономической экспертизы проекта контракта на добычу общераспространенных полезных ископаемых предлагается закрепить за указанными местными исполнительными органами. Таким образом, данная поправка **поддерживается частично**, и часть вторую пункта 3 статьи 278 Кодекса предлагается изложить в следующей редакции:

«Условия контракта определяются рабочей группой компетентного органа (государственного органа, являющегося стороной контракта), создаваемой в соответствии с частью шестой пункта 12 настоящей статьи. Согласованный сторонами проект контракта подлежит правовой экспертизе. Проект контракта на добычу твердых полезных ископаемых также подлежит экономической экспертизе уполномоченным органом в области государственного планирования. Проект контракта на добычу общераспространенных полезных ископаемых подлежит экономической экспертизе местным исполнительным органом области. Контракт должен быть заключен в срок не позднее шести месяцев с даты предоставления проекта контракта в соответствии с частью первой настоящего пункта. Данный срок может быть продлен компетентным органом (государственным органом, являющимся стороной контракта) по заявлению лица, которому предоставляется право недропользования.»

По позиции 3 сравнительной таблицы

Предлагаемые поправки направлены на урегулирование порядка выдачи лицензий на разведку и добычу твердых полезных ископаемых по результатам аукциона, а также самостоятельное определение победителем аукциона границ участка недр, право недропользования по которому выставляется на аукцион, и объема минимальных расходов. Кроме того, поправки устанавливают общие

минимальные требования к заявителям, допущенным к участию в аукционе, в части финансовых возможностей на основе дифференцированного подхода к разведке и добыче.

В целях уточнения общих финансовых требований к заявителям для участия в аукционе поправка предусматривающая внесение изменений в часть седьмую пункта 4 статьи 278 Кодекса **поддерживается частично**, в связи с этим часть седьмую пункта 4 статьи 278 Кодекса предлагается изложить в следующей редакции:

«Помимо иных требований, устанавливаемых правилами проведения аукциона, к участию в аукционе могут быть допущены заявители, обладающие:

для проведения операций по разведке – профессиональными и финансовыми возможностями, достаточными для покрытия минимальных расходов на операции по разведке не менее чем на десяти блоках в течение первого года;

для проведения операций по добыче – профессиональными, техническими и финансовыми возможностями, достаточными для покрытия минимальных расходов на добычу не менее чем на ста гектарах в течение первого года. Несоответствие заявителя указанным таким требованиям является основанием для отказа в допуске к участию в аукционе.».

По позиции 4 сравнительной таблицы

В рамках указанной позиции предлагается сократить срок между объявлением о проведении аукциона и датой его проведения с шести до одного месяца в связи с необходимостью оперативного проведения аукциона по расторгаемым контрактам на добычу твердых полезных ископаемых.

Однако принимая во внимание требуемые уточнения, поправка в отношении части первой пункта 5 статьи 278 Кодекса **поддерживается частично**. В этой связи часть первую пункта 5 статьи 278 Кодекса предлагается изложить в следующей редакции:

«5. В случае досрочного прекращения контракта на добычу (контракта на совмещенную разведку и добычу, по которому проводились операции по добыче) по твердым полезным ископаемым, заключенного до введения в действие настоящего Кодекса, решением компетентного органа участок недр, затрагивающий контрактную территорию прекращенного контракта, предоставляется в пользование для проведения операций по разведке или добыче твердых полезных ископаемых на основании аукциона, проводимого в порядке, предусмотренном пунктом 4 настоящей статьи, с учетом особенностей, установленных настоящим пунктом.».

По позиции 8 сравнительной таблицы

Предлагаемая поправка направлена на устранение барьеров для перехода на лицензионный режим недропользования по контракту на добычу твердых полезных ископаемых. Действующая система норм по выдаче лицензии на

добычу твердых полезных ископаемых не позволяет выдать лицензию на добычу твердых полезных ископаемых при переходе с контрактного на лицензионный режим недропользования, когда одно и то же лицо (заявитель) одновременно обладает правами недропользования (осуществляет операции) по добыче и твердых и общераспространенных полезных ископаемых по разным контрактам на одной и той же территории.

Однако данная поправка **поддерживается частично**, поскольку необходимо уточнение положений, устраняющих излишние барьеры для перехода на лицензионный режим недропользования. Так, указанная выше ситуация возможна и при переходе с контракта на разведку твердых полезных ископаемых на лицензионный режим недропользования. Поэтому предложение, дополняющее часть первую пункта 25 статьи 278 Кодекса предлагается изложить в следующей редакции:

«При этом, если обладателем права недропользования по контрактам на разведку твердых и разведку общераспространенных полезных ископаемых либо по контрактам на добычу твердых и добычу общераспространенных полезных ископаемых с контрактными территориями, расположенными в границах формируемого участка разведки или участка добычи твердых полезных ископаемых, является одно и то же лицо, переход на лицензионный режим недропользования (переоформление прав недропользования) осуществляется одновременно по обоим контрактам на разведку твердых и разведку общераспространенных полезных ископаемых либо по контрактам на добычу твердых и добычу общераспространенных полезных ископаемых путем выдачи одной лицензии соответственно на разведку твердых полезных ископаемых или добычу твердых полезных ископаемых.»

Вместе с тем, поправка, вносимая в часть первую пункта 25, требует уточнения в части срока выдаваемой лицензии. Кроме того, с целью исключения излишних административных барьеров касательно срока продления выдаваемой взамен контракта лицензии на добычу твердых полезных ископаемых и возможности перехода права недропользования в первый год действия выдаваемой взамен контракта лицензии на разведку твердых полезных ископаемых часть пятую пункта 25 статьи 278 Кодекса предлагается изложить в следующей редакции:

«Лицензия выдается на срок, определяемый в соответствии с настоящим Кодексом. Данный срок не должен превышать срок контракта на недропользование, взамен которого выдается лицензия, а в случае переоформления права недропользования одновременно по контрактам по твердым и общераспространенным полезным ископаемым – срок контракта по твердым полезным ископаемым. При этом для целей части первой пункта 2 статьи 211 настоящего Кодекса срок лицензии на добычу твердых полезных ископаемых, выданной взамен контракта (контрактов) на недропользование, может быть продлен на период до двадцати пяти последовательных лет.»

Часть восьмую пункта 25 статьи 278 Кодекса предлагается изложить в следующей редакции:

«В случае выдачи лицензии на недропользование в соответствии с настоящим пунктом положения подпункта 4) пункта 1 статьи 25 и подпункта 1) пункта 2 статьи 40 настоящего Кодекса к ней не применяются.».

На основании вышеизложенного, полагаем возможным дальнейшее рассмотрение проекта Закона в Парламенте Республики Казахстан с учетом настоящего заключения Правительства Республики Казахстан.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**



А. Мамин